



## "Аяқ киім өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 мамырда № 9390 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген "Аяқ киім өндірісі" кәсіби стандарты бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.А. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:
  - 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
  - 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі

## **"Аяқ киім өндірісі"**

### **кәсіби стандарты**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Аяқ киім өндірісі" кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) кәсіби қызмет саласындағы қызметкерлердің еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, біліктілігіне және құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды және:

1) еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды белгілеуге;

2) қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) кәсіби даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-да келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік - қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі - орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігі мен жауапкершілігін сипаттайтын қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі;

- 3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталады;
- 4) еңбек құралдары - қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;
- 5) еңбек қызметінің түрі - кәсіби қызмет саласының еңбек функцияларының тұтастай жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттерден қалыптасқан құрамдас бөлігі;
- 6) еңбек функциясы - бизнес-үдеріс арқылы анықталатын және оларды еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының біріктірілген және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы;
- 7) кәсіби қызмет саласы - жалпы ықпалдасқан негізі (ұқсас және мақсаттылығы жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер мен еңбек функцияларының жинағын көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;
- 8) КС - кәсіби қызметтің нақты саласындағы қызметкердің еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 9) КС бірлігі - осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;
- 10) кәсіп - арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;
- 11) құзырет - қызметкердің еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;
- 12) лауазым - жұмыс берушінің лауазымдық өкілеттіліктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген құрылымдық бірлігі;
- 13) міндет - нақты бір еңбек мандері мен құралдарын пайдалана отырып, еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимылдар жиынтығы;
- 14) сала - өнім шығаруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы;
- 15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) - салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;
- 16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдык карта - еңбек қызметінің белгілі түрі қызметкерінің кәсіби қызметтің сол немесе өзге саласы шеңберінде орындайтын еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымдалған сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. Экономикалық қызметтің түрі: Аяқ киім өндірісі

6. Кәсіби қызмет саласы: Аяқ киім өндірісі.

7. Кәсіби қызмет саласының негізгі мақсаты: аяқ киім өндірісі.

8. Кәсіби қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында көрсетілген.

## **2. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптерінің) карточкалары**

### **1-параграф. Аяқ киімді керуші**

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 1-4.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы:

бөлшектер мен дайындамаларды өңдеуші;

бөлшектер мен дайындамаларды қалыптаушы;

бөлшектерді, дайындамаларды ылғалдаушы;

аяқ киімді керуші.

11. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы - аяқ киімді керу бойынша операцияларды орындау.

12. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

13. Аяқ киімді керушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

14. Аяқ киімді керуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

15. Аяқ киімді керуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

16. Аяқ киімді керушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-8-кестелерінде көрсетілген.

### **2-параграф. Аяқ киімді құрастырушы**

17. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 1-4.

18. Мүмкін болатын лауазым атауы:

аяқ киімнің үстін құрастырушы;

аяқ киімнің астын құрастырушы;

аяқ киімді құрастырушы.

19. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы - аяқ киімді құрастыру бойынша операциялард орындау.

20. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

21. Аяқ киімді құрастырушының еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

22. Аяқ киімді құрастырушы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

23. Аяқ киімді құрастырушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

24. Аяқ киімді құрастырушының құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-8-кестелерінде көрсетілген.

### **3-параграф. Материалдарды пішуші**

25. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

26. Мүмкін болатын лауазым атауы:

бөлшектерді кесуші;

пішу жабдығының операторы;

бөлшектер мен материалды белгілеуші;

материалдарды пішуші.

27. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы - аяқ киім бөлшектеріне материалдарды піту.

28. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

29. Материалдарды пішушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

30. Материалдарды пішуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

31. Материалдарды пішуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

32. Материалдарды пішушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-7-кестелерінде көрсетілген.

### **4-параграф. Техник-технолог**

33. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4.

34. Мүмкін болатын лауазым атауы:

техник-технолог

35. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы - аяқ киім өндірісінің технологиялық үдерісін ұйымдастыру.

36. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

37. Техник-технологтың еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

38. Техник-технолог орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

39. Техник-технолог орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

40. Техник-технологтың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

#### 4. КС әзірлеушілері

41. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі КС әзірлеушісі болып табылады.

42. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 6-қосымшасында келтірілген.

"Аяқ киім өндірісі"  
кәсіби стандартына 1-қосымша

#### Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Реттік саны	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының бағыттары ескерілген кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуішінен сәйкес кәсіп атауы	СБШ сәйкес біліктілік деңгейі
1.	Аяқ киімді керу операцияларын орындау	Аяқ киімді керуші ( бөлшектер мен дайындамаларды өңдеуші, бөлшектер мен дайындамаларды қалыптаушы, бөлшектер мен дайындамаларды ылғалдаушы)	Аяқ киімді тартушы	1-4
2.	Аяқ киімді құрастыру	Аяқ киімді құрастырушы (аяқ		1-4

	операцияларын орындау	киімнің үстін, аяқ киімнің астын құрастырушы)	Аяқ киімді жинаушы	
3.	Аяқ киім бөлшектеріне материалды пішу	Бөлшектерді кесуші (бөлшектерді кесуші, пішу жабдығының операторы, бөлшектер мен материалды белгілеуші)	Материалды пішуші	2-4
4.	Аяқ киім өндірісінің технологиялық процесін ұйымдастыру	Техник-технолог	Техник-технолог	4

"Ақ киім өндірісі" кәсіби стандартына 2-қосымша

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуіші (КМЖ)	
Базалық топ	7442- Аяқ киімді тартушы
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	45-шығарылым, "Былғары аяқ киім өндірісі" (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы "9" қаңтардағы № 13-ө-м бұйрығымен бекітілген)
БТБА бойынша кәсіп	Аяқ киімді тартушы (1-6)
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
1	1
2	2
3	3-4
4	5-6

### 2-кесте. Аяқ киімді керушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Былғары-аяқ киім кәсіпорындары, цехтар, эксперименттік зертханалар, жеке аяқ киім тігу цехтары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқ болуы (086 нысан бойынша анықтама), ТҚ бойынша нұсқамадан өту	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
	Практикалық тәжірибе не/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) не/немесе	

1	бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.	Талап етілмейді
2	Практикалық тәжірибе немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) не/немесе ересектерді қайта даярлау	СБШ 1 -деңгейінде кем дегенде 1 жыл
3	Практикалық тәжірибе немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).	СБШ 2-деңгейінде кем дегенде 1 жыл
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.	СБШ 3-деңгейінде кем дегенде 3 жыл

### 3-кесте. Аяқ киімді керуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірліктері)
1	Дайындамаларды және дайындама жабдығын дайындау
2	Қалыпта дайындамаларды керу және керіп тарту
3	Орындалған операциялардың сапасын бағалау

### 4-кесте. Аяқ киімді керуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Аяқ киімнің бас-табан және өкшелік бөліктерін дайындау	Қол қысқаштары, ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	1-1) Дайындамаларды алу
	Аяқ киімнің бас-табан және өкшелік бөліктерін дайындау	Қол қысқаштары, ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	1-2) Жабдықты таңдау



	Аяқ киімнің бас-табан және өкшелік бөліктерін дайындау	Ылғалдаушы камера, бүріккіштер және т.б.	1-3) Дайындамаларды ылғалдау
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	Шаблон, қапсырма, текс, бор, үлгілер	2-1) Дайындаманы қалыптарға алдын ала бекіту
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	Шаблон, қапсырма, текс, бор, үлгілер	2-2) Төсетекті немесе табанды және сандал үлгісіндегі бұйымның ұшы мен өкшелік бөлігінің бет жағының шетін жалғау
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	Тарту қысқаштары	2-3) Астарын керу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	Тарту қысқаштары	2-4) Ұлтарак салу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-5) Барлық аяқ киім түрлерінің дайындамаларын алдын ала керу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-6) Гимнастикалық, үй туфлиді және шәркеилер дайындамаларын тарту
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-7) Аяқ киім дайындамаларын бүйірден бекітіп тарту
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-8) Барлық үлгідегі аяқ киім дайындамаларын тігу-желімдеу әдісімен керу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-9) Модельді және ортопедиялық аяқ киімді термопластикалық желімді автоматты беретін машиналарда керу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-10) Модельді және ортопедиялық аяқ киімді айналдыра керу
	Аяқ киімнің қалыптары, дайындамалары	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	2-11) Керу жиегін бас-табан бөлігінде және артқы тігіате ұлтанға бекіту
	ЗНК, ЗПК үлгісіндегі тартқыш-керіп тартқыш машиналар	Жабдықты реттеу және ретке келтіруге арналған құралдар	2-12) Жабдықты реттеу және ретке келтіру
	Қалыпқа келтірілген және бекітілген бұйымдар	Бақылау-өлшеу аспаптары, шаблондар, соңғы үлгілер	3-1) Қосылыстардың симметриялығын тексеру

3	Қалыпқа келтірілген және бекітілген бұйымдар	Бақылау-өлшеу аспаптары, шаблондар, соңғы үлгілер	3-2) Дайынаманың қалыпқа сәйкестігін тексеру
	Қалыпқа келтірілген және бекітілген бұйымдар	Кептіру камералары	3-3) Бұйымды кептіру

**5-кесте. СБШ бойынша 1-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді керушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар**

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1)	Модельдердің дайындамалары мен қалыптарын алу барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қолданылатын жабдық жұмысының тиімді режимдерін таңдау және қолдану	Операцияларды орындау қағидалары, аяқ киім, бөліктер және қалыптардың түрлері, фасоны және өлшемі, қолданылатын материалдардың түрлері мен қызметтері
1-2)	Жабдықты таңдау барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қолданылатын жабдық жұмысының тиімді режимдерін таңдау және қолдану	Қолданылатын жабдықтың жұмыс істеу принципі, құрылысы, пайдалану қағидасы

**6-кесте. СБШ бойынша 2-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді керушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар**

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
2-1)	Дайындаманы алдын ала қалыпқа бекіту барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қалыптағы дайындаманың дұрыс қалпын реттеу, тартылатын бөліктерді симметриялық біріктіру	Операцияларды орындау қағидалары, аяқ киім, бөліктер және қалыптардың түрлері, фасоны және өлшемі
	Сандал типті аяқ киім бөлшектерін керу барысында шектеулі жауапкершілікті және	Қалыптағы дайындаманың дұрыс	Операцияларды орындау қағидалары, аяқ киім, бөлшектер және

2-2)	белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	қалпын реттеу, тартылатын бөлшектерді симметриялық біріктіру.	қалыптардың түрлері, фасоны және өлшемі, қолданылатын материалдардың түрлері мен қызметтері
2-3)	Астарлардың созылу барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуды қамтамасыз ету, құрал-сайманды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері
2-4)	Ұлтарағын керу барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуды қамтамасыз ету, құрал-сайманды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, қолданылатын материалдардың түрлері мен қасиеттері
3-1)	Бөлшектердің симметриялығын тексеру барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана білу	Техникалық талаптар мен дайындалатын модельдің ерекшелігі
3-2)	Дайындаманың қалыпқа сәйкестігін тексеру барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалана білу	Техникалық талаптар и дайындалатын модельдің ерекшелігі

**7-кесте. СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді керушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар**

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
	Жабдықты таңдау үшін жауапкершілікті, өз		

1-3)	бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пайдаланылатын жабдықтың тиімді жұмыс істеу режимін таңдау және қолдану	Қолданылатын жабдықтың жұмыс істеу принципі, құрылысы, пайдалану қағидасы
2-5)	Керу операцияларын орындау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, материалдарды қолдану түрлері мен қасиеттері
2-6)	Керу операцияларын орындау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, материалдарды қолдану түрлері мен қасиеттері
2-7)	Керу операцияларын орындау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пайдаланылатын жабдықтың тиімді жұмыс істеу режимін таңдау және қолдану	Операцияларды орындау қағидалары, материалдарды қолдану түрлері мен қасиеттері
3-3)	Қалыпталған бұйымды кептіру үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қолданылатын жабдық жұмысының тиімді режимдерін таңдау және қолдану	Техникалық талаптар и дайындалатын модельдің ерекшелігі

8-кесте. СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді керушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
2-8)	Міндеттерді өз еркімен белгілеуді, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауды, аяқ киім бөлшектерін керу бойынша жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары,

	асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет		материалдарды қолдану түрлері мен қасиеттері
2-9)	Міндеттерді өз еркімен белгілеуді, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауды, аяқ киім бөлшектері мен дайындамаларын керу бойынша жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, жабдықты пайдалану нұсқаулықтары, желімнің еруінің температуралық режимі
2-10)	Міндеттерді өз еркімен белгілеуді, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауды, аяқ киімді керу нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, материалдарды қолдану түрлері мен қасиеттері
2-11)	Міндеттерді өз еркімен белгілеуді, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауды, аяқ киім бөлшектерін керу нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Бөлшектерді материалды жыртпай, қажетті керуді қамтамасыз ету, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру	Операцияларды орындау қағидалары, бөлшектердің атауы мен қызметі, қолданылатын материалдардың түрлері мен қызметтері
2-12)	Міндеттерді өз еркімен белгілеуді, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауды, аяқ киім бөлшектерін керу нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Қолданылатын жабдық жұмысының тиімді режимдерін таңдау және қолдану	Операцияларды орындау қағидалары, бөлшектердің атауы мен қызметі, қолданылатын материалдардың түрлері мен қызметтері

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуіші (КМЖ)	
Базалық топ	7442 - Аяқ киімді құрастырушы
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	45-шығарылым, "Былғары аяқ киім өндірісі" (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы "9" қаңтардағы № 13-ө-м бұйрығымен бекітілген)
БТБА бойынша кәсіп	Аяқ киімнің үстін құрастырушы, аяқ киімнің астын құрастырушы, аяқ киімді құрастырушы (1-6)
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
1	1
2	2
3	3-4
4	5-7

## 2-кесте. Аяқ киімді құрастырушының еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Былғары-аяқ киім кәсіпорындары, цехтар, эксперименттік зертханалар, жеке аяқ киім тігу цехтары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқ болуы (086 нысан бойынша анықтама), ТҚ бойынша нұсқамадан өту	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
1	Практикалық тәжірибе не/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) не/немесе бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.	Талап етілмейді
2	Практикалық тәжірибе немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) не/немесе ересектерді қайта даярлау	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибе немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).	СБШ 2-деңгейінде кем дегенде 1 жыл

4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.	СБШ 3-деңгейінде кем дегенде 3 жыл
---	---	------------------------------------

### 3-кесте. Аяқ киімді құрастырушы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірліктері)
1	Материалдар мен жабдықты дайындау
2	Аяқ киімді құрастыру
3	Өндірісті бақылау, қаптау, таңбалау

### 4-кесте. Аяқ киімді құрастырушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Дайындамалар, бөлшектер және бұйымдар	Ойғыш, тігін машиналары, ысытып құю және вулканизацияға арналған жабдық	1-1) Дайындамаларды алу
	Дайындамалар, бөлшектер және бұйымдар	Ойғыш, тігін машиналары, ысытып құю және вулканизацияға арналған жабдық	1-2) Жабдықты таңдау
	Дайындамалар, бөлшектер және бұйымдар	Ойғыш, тігін машиналары, ысытып құю және вулканизацияға арналған жабдық	1-3) Жабдық жұмысының режимін таңдау
	Төлке, ұлтан	Ойғыш немесе арнайы құрал	2-1) Аяқ киім ішіне төлкені салу, шегелеу, бекіту, төлке ұшын ұлтанға тығыз жабыстыру
	Пластмасса өкшелер, желімделмеген рэзеңкеден дайындалған өкше	Құралдар	2-2) Пластмасса өкшелерді, желімделмеген рэзеңкеден ұлтарақ және қоршауынан өкше құрастыру
	Ағаш өкшелер	Бұрғы	2-3) Ағаш өкшелерде ойық жасау
	Дайындамалар, бөлшектер	Шаблондар, сызғыш, ине, тігін жабдығы	2-4) Ұлтандарды қолмен жапсырып тігу, модельді аяқ киімнің бас жағын тігу
			2-5) Қатардағы аяқ киімдердің ағаш және капрон өкшелерін

2	Өкшелер, тері және басқа материалдар	Өкшелерді керуге арналған жабдық	терімен, тері ауыстыратын және басқа материалмен қаптау
	Аяқ киім дайындамасы	Бісытып құю және вулканизацияға арналған пресс-қалыптар және жабдық	2-6) Аяқ киімді пресс-қалыптарға жүктеу
	Аяқ киім дайындамасы	Бісытып құю және вулканизацияға арналған пресс-қалыптар және жабдық	2-7) Сынама құюды дайындау
	Аяқ киім дайындамасы	Бісытып құю және вулканизацияға арналған пресс-қалыптар және жабдық	2-8) Бөлшектерді пресс-қалыптан алу
	Ағаш дайындамалар, шаблондар	Өкше жасауға арналған қол аспаптары	2-9) Жеке тапсырыстар бойынша ағаш өкшелерді дайындау, өкшелерге қажетті қалып пен өлшемдерді беру
	Аяқ киім дайындамасы	Тігін машиналары	2-10) Табандарды, және олардың бірінші қабатын тартылған аяқ киімге ранталық, диппельді, тігу және сандал әдістерімен тігіп жабыстыру
	Аяқ киім дайындамасы	Тігін машиналары	2-11) Рантты ұлтанға машинамен тігу
3	Дайын аяқ киім	Нұсқаулықтар, технологиялық өндіріс регламенті, әдістемелік әдебиет	3-1) Дайын өнімнің сапасын бақылау
	Дайын аяқ киім	Қаптау материалдары	3-2) Қаптау, таңбалау

**5-кесте. СБШ бойынша 1-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді құрастырушының құзыреттеріне қойылатын талаптар**

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-1)	Дайындамаларды алу барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жинаудың тиімді схемаларын, таңдау, орнату және пайдалану	Еңбек мәні, оны қайта жасау процесі мен тиісті орындаушылық іс-әрекеттері циклы туралы базалық білімдер
	Дайындамаларды алу барысында шектеулі жауапкершілікті және		



1-2)	белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Қолданылатын жабдық жұмысының тиімді режимдерін таңдау және қолдану	Операцияларды орындау қағидалары және қолданылатын материалдардың қасиеттері
1-3)	Жабдықты таңдау барысында шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Арнайы құралдарды, аспаптарды, жабдықты реттеу және бапқа келтіру.	Қолданылатын жабдықтың жұмыс істеу принципі, пайдалану қағидалары

**6-кесте. СБШ бойынша 2-біліктілік деңгейіндегі аяқ киімді құрастырушының құзыреттеріне қойылатын талаптар**

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
